Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ»

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:30 – 03 сәуір 2026 оқу жылы 1 апта
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету
Тәрбиешілер:Токпанова З.А. Байсеркешова Г.А.

Тексерген: Нургалиева Ж.С.

Дәйек сөз: «Еңбекпен ер көгерер»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.03.2026ж	Сейсенбі 31.03.2026ж	Сәрсенбі 01.04.2026ж	Бейсенбі 02.04.2026ж	Жұма 03.04.2026ж
Балаларды қабылдау	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу.Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу.Балаларды көтерің-кі көңіл- күймен қарсы алу. Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Бала тілінің дамуы жайлы әңгімелесу,өзерістер мен ерекшеліктері және көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. «Күй күмбірі:Хафиз» «Өнегелі 15 минут»	Ата- аналарға балаларды ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. . Балалардың сыртқы келбетін,денсаулық жағдайын бақылау(көңіл-күйі, тазалығы,дене температурасы, т.б.)Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу. Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру.Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау(құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) «Күй күмбірі: Хафиз» «Өнегелі 15 минут»	Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау.Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру.. Ата-аналар баласымен үйде жиі сөйлесеме?Мінезқұлық және тәртібі туралы әңгімелесу,кеңес беру. Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. «Күй күмбірі:Хафиз» «Өнегелі 15 минут»	Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау. Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау. «Күй күмбірі:Хафиз» «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз,аздап уақыт қалдырыңыз.Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, «Күй күмбірі:Хафиз» «Өнегелі 15 минут»

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгіме лесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру	Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру.Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.	Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. Қауіпсіздік ережесі: «Отпен ойнама балақай!» Өрт тілсіз жау жайлы ақпарат беру	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз,бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. Қауіпсіздік ережесі:Серуен кезіндегі өзін өзі ұстау ережелері, баспалдақтан түсу қауіпсіздігі туралы әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Шын жүректен кітап сыйла»Челлендж Мақсаты: Балаларға «Кітап таусылмас қазына» туралы мағлұмат беру.	Зейінді дамыту. Баланың алдына 3-4 зат қойып, оларды есте сақтауын сұрау. Кейін біреуін алып тастап, "Қай зат жоқ?" деп сұрау Танымдық дағдылар	«Кім қайда тұрады?» Жануарлар мен олардың мекендейтін орындарын үйрету.«Балық қайда тұрады?» – «Суда!» «Қасқыр қайда тұрады?» – «Орманда!» «Сиыр қайда тұрады?» – «Аулада!» Әлеуметтік, танымдық дағдылар	«Ұшқыр ой алаңы» «Тіл темір -қазығымыз» Мақсаты:Өз тіліңді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз. Коммуникативтік дағды	«Смарт бала жобасы» «Бөлігін табу» Мақсаты:Жылдам шапшаң құрастыруға үйрету. Әлеуметтік дағды
Ертеңгілік жаттығу	Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. Тізбекпен жүру. Қол белде, тізені жоғары көтеріп жүру. Баяу жүгіру.Жай жүріспен жүру. Негізгі бөлім: Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру 4–5 рет. Қолды алға созып, жанға ашу 4–5 рет. Оңға, солға бұрылу 4–5 рет. Алға еңкею 4–5 рет. Жүрелеп	Сапқа тұру. Сәлемдесу. Тізбекпен жүру.Тізені көтеріп жүру. Жеңіл жүгіру. Жай жүру. Негізгі бөлім:Қолды айналдыру 4–5 рет. Қолды алға созу 4–5 рет. Денені бұру 4–5 рет. Алға еңкею 4–5 рет. Жүрелеп отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды бөлім: Терең тыныс алу жаттығулары.	Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Қол белде жүру. Негізгі бөлім:Қолды жоғары созу 4–5 рет.Қолды жанға ашу 4–5 рет. Бұрылу 4–5 рет. Еңкею 4–5 рет. Отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды бөлім: Тыныс алу. «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау, жаттату.	Сапқа тұру. Тізбекпен жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды алға және жоғары көтеру 4–5 рет. Денені бұру 4–5 рет. Алға еңкею 4–5 рет. Жүрелеп отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды бөлім: Дем алу, дем шығару.	Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды айналдыру 4–5 рет. Қолды алға созу 4–5 рет. Бұрылу 4–5 рет. Еңкею 4–5 рет. Отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды бөлім: Тыныс алу. Тыныс алу жаттығулары Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес,үлгі көрсету арқылы

	отыру 4–5 рет. Орнында секіру 5–6 рет. Қорытынды бөлім: Қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару 3–4 рет. «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою,тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекі-ту.Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	Әнұран кезінде балалар-дың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	Мемлекеттік Әнұран орын-дау.Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарла-масы	тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.
Таңғы ас	«Үнемді тұтыну»Уақытты үнемдеп қарапайым тапсырмаларды орындау. Күн сайын таңертең төрт әуен ережесін қолдану. 1-әуен-Тіс тазалау, жуыну 2-әуен –Киіну 3-әуен-Балабақшаға дайындалу 4-әуен- Сөмкені жинаймыз ,жолға шығамыз. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.Өз орнын тауып отыру.Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптас-тыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдасты-рылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдық-тарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдас-тыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеумет-тік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеу-меттік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалып-тастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру.	Балаларды ұйымдасты-рылған іс-әрекетке психо-логиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеумет-тік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру

Кестеге сәйкес ҰІӘ	1.Сөйлеуді дамыту «Қозы мен қой» Балаларға үй жануарларының суреттерін көрсетеді. «Қой», «қозы», «мә-мә» сөздерін анық айтуға жаттықтырады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, о) анық айтуға үйретеді.Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. Сөздік қор. «Қозы жүгірді», «қой жайылды» сияқты сөз тіркестерін айту. Тілдің грамматикалық құрылымы «Қозы қораның ішінде», «қой қораның жанында» сөз тіркестерін қолдану. Байланыстырып сөйлеу Балалар«Қошақан» ертегісін тыңдап,кейіпкерлерді ойын арқылы көрсетуге тырысады. 2.Көркем әдебиет. Үй жануарлары туралы қысқа ертегі тыңдау, кейіпкерлердің дауысын келтіру. Ертегінің түйіндісі: «Күш бірлікте» дегендей, үй жануарлары да тату болса, кез келген қиындықты жеңуге бо-	1. Сөйлеуді дамыту «Ешкі мен лақ» Балаларға ешкі мен лақтың суретін және ойыншықтарын көрсетеді. Балалармен бірге «ешкі», «лақ»,«ме-ме» сөздерін анық айтуға жаттықтырады.Дауысты дыбыстарды (а,ә,е)және дауыссыз дыбыстарды (к, қ, т) дұрыс айтуға бағытталған артикуляциялық жаттығулар орындалады.Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтып,сөйлеу қарқынын баяу және анық айтуға жаттығады. Сөздік қор. Балалар «ешкі жайылды», «лақ секірді»,«лақ жүгірді» сияқты сөз тіркестерін қолдануға үйренеді. Жаңа сөздерді дұрыс қолдануға бағытталған шағын ойындар ұйымдастырылады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен қолданады:«Лақ қораның жанында»,«Ешкі қораның ішінде». Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі (лақ – лақтар).	1. Сөйлеуді дамыту Балалар үй жануарларының атауларын анық айтады:қой,ешкі,сиыр. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. Сөздік қор Балалар «қой жайылады», «қозы жүгірді», «сиыр мөңіреді» сөз тіркестерін қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балалар«қозы қойдың жанында», «бұзау сиырдың артында»сияқты сөз тіркестерін қолданады. Байланыстырып сөйлеу Балалар жануарлар мен олардың төлдерін сәйкестендіріп, шағын әңгіме құрастырады. 2.Көркем әдебиет Педагог үй жануарлары тура-лы ертегі оқиды.Балалар кейіпкерлердің рөлін ойнайды. «Ақылды достар» ертегісін көлеңкелі театр арқылы көрсету. Ат туралы тақпақ: Жүйрік аттай жоқ жануар, Тұлпар мініп мақтанар. Кісінесе дауысы, Құлақ түріп сақтанар.	1.Сөйлеуді дамыту «Қорадағы жануарлар» Сөздік қор Балалар «қой қорада тұр», «қозы жүгіріп жүр», «ешкі жайылып жүр» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Жаңа сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрауға үйренеді. Тілдің грамматикалық құрылымы.Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен бірге қолданады: «Қозы қораның ішінде», «Ешкі қораның жанында», «Қой қораның артында». Жекеше және көпше түрде айту жаттығулары жүргізіледі: қой – қойлар, қозы – қозылар. Байланыстырып сөйлеу Балалар«Қорадағы жануарлар» ойынында жануарларды орналастырып, олардың әрекеттері туралы қысқа сөйлемдер айтады. Педагог сұрақтар қойып, балалардың жауап беруін ынталандырады. 2.Көркем әдебиет Педагог үй жануарлары туралы қысқа ертегі немесе өлең оқиды. Балалар кейіпкерлердің дауысын келтіріп, шағын сахналау әрекетіне қатысады.	1.Сөйлеуді дамыту «Ферма» Балалар үй жануарларының атауларын анық айтып, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады.Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады.Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. Сөздік қор Балалар «сиыр сүт береді», «қой жүн береді», «жылқы жүгіреді» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы:Балалар зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады: сиыр – сиырлар, қозы – қозылар. Байланыстырып сөйлеу. Балалар «Ферма» ойыны арқылы жануарларды атап, олардың әрекеттері туралы шағын әңгіме құрайды. 2.Көркем әдебиет Балалар апта бойы тыңдаған ертегіні немесе өлеңді бірге қайталап, шағын сахналау әрекетін көрсетеді. Сиқырлы ертегілер: Ертегілер еліне, Саяхатқа шығамыз. Жақсылықтың жеңісін, Оқып, тыңдап ұғамыз. Айдаһар бар, пері бар,

лады.Содан бері Ақтөс пен Марғау бір табақтан ас ішіп, ауланы бірге қорғайтын болыпты. Коммуникативтік дағды 3.Математика негіздері «Сан» Қой мен қозыларды санау:«бір қозы»,«екі қозы».«Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап беру. Шама Үлкен қой мен кіші қозыны салыстыру. Геометриялық пішіндер Дөңгелек пішінді (қозының басы) көрсету. Ойын:«Сиқырлы кәрзеңке»(Көрнекілікпен) Барысы:Баланың алдына екі топ затты қойыңыз.Мысалы,сол жаққа 5 қонжық, оң жаққа 2 машина. Сұрақ:«Қай жақта ойыншық көп?Қай жақта аз?»Тапсырма:Бала санап шығып, жауабын айтуы керек.Содан кейін «Тең болу үшін не істеу керек?» деп сұрау арқылы ойынды күрделендіруге болады. Танымдық дағды	Байланыстырып сөйлеу Балалар «Лақ пен ешкі» туралы шағын көріністі ойын арқылы бейнелейді. Кейіпкерлердің әрекетін айтып, қарапайым сөйлемдер құрайды. 2.Көркем әдебиет Ешкі мен лақ туралы қысқа өлең немесе ертегі тыңдалады.Балалар кейіпкерлердің дауысын салып, шағын сахналау әрекетіне қатысады. Коммуникативтік дағды. 3. Математика негіздері Балалар ойыншық лақтарды санайды. «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар ұзын және қысқа таяқшаларды салыстырады.Ұзын-қысқа ұғымдарын қолданады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді заттарды табады. Кеңістікте бағдарлау. Балалар ойыншық жануарларды оң және сол жағына орналастырады. Уақытты бағдарлау Педагог күндіз жануарлар жайылатынын,кешке қораға келетінін түсіндіреді.	Сиыр туралы жаңылтпаш: Ала сиыр — ала, Қара сиыр — қара. Ала сиырды — қара, Қара сиырды — ала. Қой туралы жұмбақ: Өзі момын, үні — «мә», Жүні дайын шұлыққа. Береді бізге ет пен сүт, Бұл қай жануар, айтшы кәне? (Жауабы: Қой) Түйе туралы мақал: □ 1.«Түйе — байлық, қой — мырзалық». (Түйе үлкен дәулеттің белгісі екенін айтады). 2.«Тар жерде түйе де теңселеді».(Қиындық келгенде ең мықты дегендер де қиналады деген сөз). 3.«Түйе көп болса, жүк сыймас».(Бірлік пен көптіктің пайдасы туралы). Коммуникативтік дағды 3.Математика негіздері «Сан» Балалар жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады. Шама Балалар ұзын-қысқа, үлкен-кіші заттарды салыстырады. Геометриялық пішіндер	«Төлдерім» әні: Шыбыштарым – шіңкілдегім, Секіріп бір күн білмедің. Мә-мә, мә-мә, мә-мә-мә, Секіріп бір күн білмедің. Қозыларым – қоңырқайым, Жүндерің бар мақпалдай. Пә-пә, пә-пә, пә-пә-пә, Жүндерің бар мақпалдай. Бұзауларым – бұлтиған, Желініне сүт толған. Мө-мө, мө-мө, мө-мө-мө, Желініне сүт толған. Құлындарым – құндызым, Маңдайында жұлдызым. И-о-о, и-о-о, и-о-о, Маңдайында жұлдызы Коммуникативтік дағды 3. Математика негіздері. «Сан» Балалар ойыншық жануарларды санайды. «Қайсысы артық?», «Қайсысы кем?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдарын қолдана отырып жануарларды салыстырады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді зерттеп, жануарлар бейнесінен дөңгелек элементтерді табады. Кеңістікте бағдарлау. Балалар жануарларды оң	Түлкі мен аң, бөрі бар. Әрбір сөздің ішінде, Үлкен тәрбие нәрі бар. Коммуникативтік дағды. 3.Математика негіздері Балалар ойыншық жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады.«Қайсысы көп?»,«Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар жануарларды үлкен-кіші,биік-аласа бойынша салыстырады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді бекітеді. Кеңістікте бағдарлау. Балалар ойыншықтарды оң және сол жақтарына орналастырады.Танымдық дағды 4.Қоршаған әлеммен таныстыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:Балалармен бірге көктем мезгіліндегі ауа райы туралы әңгімелесу жүргізіледі. Педагог балалардан «Бүгін ауа райы қандай? (жылы, салқын)»деп сұрайды.Табиғаттағы өзгерістерге назар аударады: көктемде күн жылынады, жануарлар жайылымға шығады. Бақылау күнтізбесіне көктемгі

	4. Қоршаған әлеммен таныстыру. Үй жануарларының адамға пайдасы туралы әңгімелеу. Тәрбиелік және әлеуметтік маңызы. Үй жануарлары балалармен жасөспірімдердің дамуында маңызды рөл атқарады: 1.Жауапкершілікке үйрету:Үй жануарын тамақтандыру, күту және оған қамқорлық жасау балаға жауапкершілік сезімін ерте қалыптастырады. 2.Эмпатия мен мейірімділік:Жануардың мұқтаждықтарын түсіну арқылы адамдар өзгелерге жанашырлық танытуды,сезімтал болуды үйренеді. 3.Әлеуметтену:Саябақта серуендеу кезінде үй жануарлары иелерінің бір-бірімен сөйлесіп, жаңа таныстар табуына, яғни әлеуметтік байланыстардың кеңеюіне көмектеседі. Әлеуметтік дағды 5.Музыка	Танымдық дағды. 4.Қоршаған әлеммен таныстыру. Балалар ешкінің сүт беретінін,оның адамға пайдалы екенін біледі. Жануарларға қамқор болу қажеттігі туралы әңгіме жүргізіледі. Ешкі туралы қызықты деректер:Ешкілер өте епті келеді, тіпті биік тауларға, тіпті ағаштардың басына шыға алады. Пайдасы: Ешкінің сүті өте пайдалы, дәруменге бай және емдік қасиеті жоғары. Төлі:Ешкінің баласын лақ деп атайды.Олар өте ойнақы келеді. Шағын тақпақ: Секіріп жүр лағым, Көгілдір ғой бұлағым. «Мә-мә» дейді ешкім де, Түріп қойып құлағын. Шөп беремін мә саған, Сүт бересің сен маған. Әлеуметтік дағды. 5.Жас экологтар. Тақырыбы:« Көктемгі табиғат»» Мақсаты: Балаларға көктем мезгілінде жасыл табиғаттың ерекшелігін бақылау, табиғатты аялауға баулу.	Балалар дөңгелек пішінді зерттейді. Кеңістікте бағдарлау Балалар ойыншықтарды оң және сол жағына орналастырады. Ойын:«Көңілді таразы» Бұл ойын үшін екі бірдей тәрелке немесе қорап қажет. Барысы:Баланың алдына екі тәрелке қойыңыз. Бір тәрелкеге 3 текше (кубик), екіншісіне де 3 текше салыңыз. Сұрақ: «Қайсысы көп? Қайсысы аз?» Түсіндіру: «Екі жақта да саны бірдей, демек олар — тең». Өзгерту: Енді бір тәрелкеге тағы бір текше қосыңыз. «Енді тең бе? Жоқ, бұл — тең емес, өйткені мұнда көп, ал мұнда аз». Танымдық дағды. 4.Қоршаған әлеммен таныстыру. Жануарларды күту және қорғау туралы әңгіме жүргізіледі. Жануарларды қалай күту және қорғау керек? Жануарларға қамқорлық жасау үшін мына қарапа-	және сол жағына орналастырады. Уақытты бағдарлау: Педагог жануарлардың күндіз жайылып, кешке қораға келетінін түсіндіреді. Танымдық дағды. 4. Қоршаған әлеммен таныстыру. Балалар жануарларға қамқор болу керектігін түсінеді. Педагог жануарларға күтім жасау туралы әңгіме жүргізеді. Аялайық аңдарды, Қорғайықшы құстарды. Олар біздің досымыз, Бөлейікші нұрға біз. Су береміз шөлдесе, Шөп береміз кел десе. Қамқор болсақ бәріне, Алғыс айтар демде-ақ. Әлеуметтік дағды. 5.Қазақ тілі «Төрт түлік мал» Тілдік дамытушы орта Ойын:«Малды таныстыр» Балалар өздеріне таныс төрт түлік малды атап, толық сөйлеммен таныстырады. «Бұл – сиыр. Сиыр сүт береді. Сиыр үй жануары». Сөйлеудің дыбыстық мәде-	ауа райының жағдайы белгіленеді. Әлеуметтік дағды 5. Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды көтеру-түсіру күнге қарай созылып қайта түсу Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын бейнелеу Бұрылу көктемгі жел бағытымен қозғалу Аяқты бүгу созу жерге отырып қайта тұру Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл жасау Негізгі қимылдар Тақтай бойымен еңбектеу көпірден өткен сияқты Заттарды айналып өту көктемгі кедергілерден айналып жүру Қимылды ұқыпты және тепе-теңдік сақтап орындау Қимылды ойындар: «Кедергіден өт» Балалар белгі бойынша әртүрлі кедергілерден өтеді еңбектейді айналып жүреді Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады.

	Жетекші жоспарымен	Көктем қандай тамаша! Қуанамыз балаша. Бәйшешектер гүл атып, Қыр құлпырды жаңаша. Жаңбыр жауса сіркіреп, Жердің беті гүлдейді. Күн күркіреп, дүркіреп, Табиғат та түрленді.	йым ережелерді есте сақтаған жөн: 1.Дұрыс тамақтандыру: Үй жануарларына уақытылы таза су мен сапалы жемшөп беру. 2.Тазалық сақтау: Олардың жататын орнын таза ұстау, жүндерін тарап, жуындырып тұру. 3.Денсаулығына қарау: Егер жануар ауырып қалса, оны мал дәрігеріне көрсету. 4.Қатыгездік көрсетпеу: Жануарларды ұруға, қорқытуға немесе ойнап болған соң далаға тастап кетуге болмайды. 5.Құстарға көмектесу: Әсіресе қыс айларында құстарға жемсауыт жасап, азық беру. Әлеуметтік дағды. 5.Дене тәрбиесі. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату. Қолды көтеру және түсіру. Саусақтарды қозғалту, жұму және ашу. Отырған қалыпта оңға және солға бұрылу (6 рет). Аяқты бірге және кезекпен	ниеті. Ойын 1: «Қой мен қозы» Балалар Қ дыбысы бар сөздерді анық әрі дұрыс айтуға жаттығады: қой, қозы, қора, құлын. Ойын 2: «Ұ дыбысы» Ұ, Ү дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту: құлын, бұзау, түйе, үкі. Сөздік қор «Мал туралы тақпақ» Балалар төрт түлік туралы қысқа тақпақ жаттайды және мәнерлеп айтады. Грамматикалық құрылым «Көпше айт». Балалар жекеше сөздерді көпше түрде айтады:сиыр – сиырлар,қой – қойлар,жылқы – жылқылар. Байланыстырып сөйлеу Ойын1:«Менің сүйікті малым» әңгімелеу. Балалар 2–3 сөйлеммен өз ойларын айтады: «Менің сүйікті малым – жылқы. Ол өте пайдалы». 6.Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар:Қолды жан-жаққа созу,құстардың қанатындай қалықтау.Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын бейнелеу Отырған	

			бүгу және созу. Шалқасынан жатып, етпетінен аунау. Қолды алға созып жартылай отыру. Негізгі қимылдар:4–6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу Көктемгі табиғатты бейнелеп жай қозғалу Заттардың арасымен еңбектеу гүлдердің арасымен өткен сияқты. Кедергілерден абайлап өту Қимылды ойындар:«Тунельден өт».Балалар кезекпен туннельден немесе доға астынан еңбектеп өтеді.Көктемгі іннен шыққан жануарлар сияқты қозғалады.	қалыпта бұрылу желдің қозғалысын көрсету Аяқты кезекпен көтеру гүлге қарай қадам жасау.Еңкею жерден гүл тергендей қозғалу. Негізгі қимылдар:Доғаның астымен еңбектеу (40 см) көктемгі іннен өткен сияқты.Арқан астынан өту кедергілерден абайлап өту Қимылды дәл және баяу орындау. Қимылды ойындар: «Кім жылдам еңбектейді?» Балалар белгі бойынша еңбектеп жарысады.Көктемгі жануарлар сияқты қозғалады.Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады	
2-ші таңғы ас	Балалардың дұрыс өсуі мен дамуы үшін екінші таңғы ас (немесе «екінші ас») өте маңызды.Ол негізгі таңғы ас пен түскі астың арасындағы қуатты толықтыруға көмектеседі.	Екінші таңғы астың пайдасы: 1.Ми белсенділігі: Баланың сабақта немесе ойын кезінде зейінін шоғырландыруына көмектеседі. 2.Асқорыту: Асқазанның ұзақ уақыт бос тұрмауын қамтамасыз етіп, зат алмасуды реттейді. 3.Көңіл-күй: Қандағы қант мөлшерін тұрақты ұстап, баланың шаршауын және ашуланшақтығын болдырмайды.	Бірінші ас — күш-қуат, Екінші ас — нақ рақат. Алма, алмұрт жейміз біз, Бойға жинап денсаулық. Сүзбе менен айран бар, Дәруменге бай бұлар. Күлімдеген балақай, Күшті болып ер жетер!	«Үнемділік – байлықтың анасы.» Балаларға тағамның қайдан келетіні туралы қысқаша мульфильм немесе суреттер көрсету.Олар жемістің өсуі үшін көп уақыт пен еңбек керек екенін түсінгенде,оны үнемдеп жеуге өздері талпынады.	«Асты қадірлеу» қағидасы. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.

Серуенге дайындық	Жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.Жұмбақтар шешу, өленлер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (Көрсету бойынша киімдерін киюді,қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру.Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту.				
Серуен	Күнді бақылау. Мақсаты:күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Жұмбақтар: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. •Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? •Күн қай жақтан шығады? •Қай жаққа батады? •Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? •Неге? Зерттеу қызметі:Ағаш, пластмасса,металл заттарға қол тигізіп қарау,	Қардың еруін бақылау. Мақсаты:табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету. Бақылау барысы. Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары, Бау бақшада ән салды. Оларды жас достары, Ұя жасап қарсы алды. Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды. Зерттеу қызметі. Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. Еңбек:Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.	Ұшып келген құстарды бақылау. Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлықка тәрбиелеу. Бақылау барысы. Көркем сөз «Ұя» (Қ.Баянбаев) Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: •Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? •Жыл құстары деп неге айтамыз? •Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? •Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? •Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты:құстар суреттерін	Мойыл бұтасын бақылау. Мақсаты:Бұталар туралы білімдерін молайту; Бақылай,зерттей білу қабылеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі:Мойыл әрі дәрілік,әрі сәндік өсімдік.Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады.Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді,ал,жемісі тамыз,қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады.Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды.Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары.Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды	Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау. Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы: Көркемсөз «Көктем» (Б.Жақып) Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі_- түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: •Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? •Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? •Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың

	қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек:Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты:үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны:орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін,күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер,күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.	Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету. Қимылды ойын: «Ормандағы аюда». Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты:Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау; Ептіліктерін қалыптастыру; Қозғалыс координациясын жақсарту. Халық болжамы:Қарлығаш келсе күн күркірейді. Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады. Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.	қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп,ұяларға орналастыру. Еңбек:Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын:«Ұшты ұшты». Мақсаты:зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап,тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс: Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.	кеспей,сындырмай сақтаған жөн.Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз,бұтасын сындырмай ғана,екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар 1.Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? 2.Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? 3.Мойыл жидектерінен не жасайды? 4.Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? 5.Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? Еңбек:Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Біздің аулада не өседі?».	қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек:Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын:«Кім аталған ағашқа тез жетеді?». Мақсаты:ағаш аттарын дұрыс атай білу,ойлау қабілеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты:сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау. Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен.

				Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақ-тау,аталған жерге тез жету-ге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту. Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: 1.Бір тал кессең, он тал ек. 2.Бір ағаштан жасалады мың шырпы, 3.Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.	
Серуеннен оралу	«Үнемді тұтыну» Уақытты үнемдеу, өзімізге ұнайтын іспен айналысу.Сүйікті ісімізбен шұғылдану. Жазда болдым жайлауда Уақытта жоқ ойнауға, Көмектестім апама, Көмектестім атама, Төлдермен таныстым, Тайға міндім жарыстым. /Сөйлеуді дамыту/ Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз сөрелерін тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.(дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Үнемді тұтыну: Уақытты үнемдеп жылдам киіну, жуыну ас мәзіріне дайындалу. Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру				

	(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мотрикаңы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Киімін ретімен кию,түймелерін қадау,сырмаларын сыру,аяқ киімін дұрыс кию(ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу(тазалыққа баулу).	Біртіндеп ояту:Балаларды жұмсақ дауыс пен, жағымды музыкамен ояту.Сауықтыружаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулық ты нығайту,бұлшық етті сергіту).	Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотори-каны дамыту). Өзіне-өзі қызмет ету.	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту)	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.Мәдени-гигиеналық дағды, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілер еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.				
Балалар дербес іс-әрекеті(қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібаспа,басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастыру Кірпіштерден жануарларға арналған қора құрастыру. Сурет салу Қылқаламды дұрыс ұстап, қозының жүнін нүктелер арқылы салу. Мүсіндеу Ермексаздан домалақ пішін жасап қозы бейнесін мүсіндеу. Жапсыру Дөңгелек және сопақ пішіндерді жапсырып қозы бейнесін жасау.	Құрастыру Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған қора немесе алаң құрастырады. Сурет салу Балалар қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне шөп пен жануар бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан лақ бейнесін мүсіндейді, таяқшамен безендіреді. Жапсыру Балалар дайын геометриялық пішіндерден жануар	Құрастыру Балалар үлгі бойынша жануарларға арналған қора құрастырады. Сурет салу Балалар жануарлар бейнесі бар қарапайым сюжеттік сурет салады. Мүсіндеу Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндейді. Жапсыру Балалар геометриялық пішіндер арқылы жануар бейнесін құрастырады.	Құрастыру Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған қора немесе қоршау құрастырады. Сурет салу Балалар қылқаламды дұрыс ұстап,қағаз бетіне жануарлар мен шөп бейнесін салады.Негізгі түстерді қолданады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан өздеріне ұнаған жануар бейнесін мүсіндейді және таяқшамен безендіреді. Жапсыру Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып жан-	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарынан ферма немесе қора құрастырады. Сурет салу Балалар жануарлар бейнесі бар қарапайым сюжеттік сурет салады. Мүсіндеу Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндеп, ұжымдық композиция жасайды. Жапсыру Балалар геометриялық пішіндерден жануар бейнесін құрастырып жапсырады.

		бейнесін құрастырып жап-сырады.		уар бейнесін құрастырып жапсырады.	
Балалармен жеке жұмыс	Дербестік танытуға: киіну-ге, жуынуға және тіс таза-лауға ұқыптылыққа дағ-дыландыру. Раяна	Біртекті заттарды топтасты-рады және олардың біреуін бөліп көрсетуге дағдылан-дыру. Б.Кәусар	Жүруде тепе-теңдікті сақтауға үйрету.Мариям	Белгілі бір ретпен киінуге және шешінуге үйрету. Ернұр	Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтуға дағдыландыру. Асия
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» Міндеті:Балаларды шапшаңдыққа, алғам-паздыққа тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Күш сынасу » Мәндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажыра-та отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру.	Ұлттық ойын: «Ханталапай» Міндеті:Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру	Ұлттық ойын: «Аударыспақ» Міндеті:Балалардың адам-гершілік патриоттық сезім-дерін оята отырып тәртіпті бала болуға тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Асық ату» Міндеті: Ойынға деген қызығушылықтарын дамы-ту.шапшаң жылдам қозғал-туға үйрету.
Серуеннен оралу	«Үнемді тұтыну» Уақытты үнемдеп Талай істі меңгердім, Теледидар қарамай Төсегімді жинадым, Ата-анама көмектесіп, Таза ауада жүгірдім. Кітаппенен дос болдым. Тазалықтың досы су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Табиғаттағы судың айналымы және оның маңыздылығын тереңдету.Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан				

	кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлт-тық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті,кітап қарау және басқалары	Ойын:«Қасқыр қақпанында» Шарты: Шеңбер ішінде «қасқыр» тұрады. Қалған балалар шеңбер сыртында жүгіреді. Белгі бойынша шеңберден өтіп шығып үлгеруі керек, қасқыр ұстап алуға тырысады.	Ойын: «Нысанаға дәл тигіз» Шарты:Қапшықты немесе допты 2–3 метр қашықтықтағы нысанаға дәл лақтырады.	Ойын: «Кім тез сапқа тұрады?» Шарты: Еркін қозғалып жүреді. Белгі бойынша бойына қарай немесе түске қарай тез сапқа тұрады.	Ойын: «Өткелден өту» Шарты: Орындық немесе сызық бойымен тепе-теңдікті сақтап өтіп, соңында секіріп түседі.	Ойын: «Допты бер де, отыр» Шарты: Шеңберде тұрып допты бір-біріне береді. Кімге доп келсе, тез отырып қайта тұрады.
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ата аналармен әңгімелесу. Апта бойы жасаған жұмыстарынан алған әсерімен бөлісу.	Топтағы,үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу.Өз ойларын айтқызу. Ғарышкерлер күніне байланысты тақпақтар жаттау.	Табиғи материалдардан заттар жасап әкелу.Көрме жасау.Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.	Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ»

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:06 – 10 сәуір 2026 оқу жылы 2 апта
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету
Тәрбиешілер:Тоқпанова З.А. Байсеркешова Г.А.
Дәйек сөз: «Еңбек-қуаныштың кілті»

Тексерген: Нургалиева Ж.С.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.04.2026ж	Сейсенбі 07.04.2026ж	Сәрсенбі 08.04.2026ж	Бейсенбі 09.04.2026ж	Жұма 10.04.2026ж
Балаларды қабылдау	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу.Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу.Балаларды көтеріңкі көңіл- күймен қарсы алу.Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Бала тілінің дамуы жайлы әңгімелесу, өзерістер мен ерекшеліктері және көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. «Күй күмбірі:Қыл қобыз» «Өнегелі 15 минут»	Ата- аналарға балаларды ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. . Балалардың сыртқы келбетін,денсаулық жағдайын бақылау(көңіл-күйі, тазалығы,дене температурасы, т.б.)Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу. Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру.Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау(құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) «Күй күмбірі: Қыл қобыз» «Өнегелі 15 минут»	Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау.Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру.. Ата-аналар баласымен үйде жиі сөйлесеме?Мінезқұлық және тәртібі туралы әңгімелесу,кеңес беру. Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. «Күй күмбірі:Қыл қобыз» «Өнегелі 15 минут»	Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау. Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау. «Күй күмбірі:Қыл қобыз» «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз,аздап уақыт қалдырыңыз.Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, «Күй күмбірі:Қыл қобыз» «Өнегелі 15 минут»
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгіме	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріп-	Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру.Балаңызға өзді-	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. Әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-	Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз,бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз

лесу, кеңес беру	тестік қарым-қатынасын орнату. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру	гінен киінуге мүмкіндік беріңіз,аздап уақыт қалдырыңыз.Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.	қатынасын орнату, балаларды дамыту. Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз,аздап уақыт қалдырыңыз.	шығарып салыңыз бұл сенімділік береді. Қауіпсіздік ережесі:Үйдегі қауіпті заттар дәрі-дәрмектерді,сұйықтықтарды ұстамау, балалардың қауіпсіздігі туралы әңгімелесу. Баланы қауіпті және қауіпсіз заттарды ажыратуға үйрету.	бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. Қауіпсіздік ережесі:Серуен кезіндегі өзін өзі ұстау ережелері, баспалдақтан түсу қауіпсіздігі туралы әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті» Мақсаты:Балаларға әдептілік туралы қоғамдық ортада мәдениетті сөйлеуге өз-өздерін дұрыс ұстауға тәрбиелеу. «Көңілді автобус», «Театр» және т.б «Сюжетті рөльдік ойын» Коммуникативтік дағдылар.	«Түйе, жылқы, қой» Қазақ халқының төрт түлік малға деген құрметін үйрету, жануарларды ажыратуға баулу. (жылқы – мініс малы, түйе – шөлге төзімді, сиыр – сүт береді, қой – жүн береді). Балаларға әр малдың дауысын салып, қимылмен көрсетуін сұраңыз: Жылқы – шабады, Түйе – ақырын қозғалады, Қой – маңырайды.	«Ұшқыр ой алаңы» «Тіл- ең қымбат қазына» Мақсаты: Ана тілін құрметтеуге,сөздік қорларын байыту,сөйлеу дағдыларын дамыту. Коммуникативті дағдылар	Сюжеттік ойын: «Қонақ күтеміз» Әдептілікке, қарым-қатынасқа үйрету. Ойын барысы: Балалар: – қонақты қарсы алады – «келіңіз» дейді – шай береді Сөздер: – «Сәлеметсіз бе?» – «Келіңіз»	«Смарт бала жобасы» «Гүлдерді құрастыру» Мақсаты:Құрастырмалы материалдан гүлді құрастыру. Саусақ моторикасын және ойлау қабілетін дамыту. Әлеуметтік дағды.
Ертеңгілік жаттығу	Сапқа тұру.Тізбекпен жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды жоғары көтеру 4–5 рет. Қолды жанға ашу 4–5р. Бұрылу 4–5 рет. Еңкею 4–5 рет. Жүрелеп отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды:Дем алу.	Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды алға созу 4–5 рет. Қолды айналдыру 4–5 рет. Бұрылу 4–5 рет. Еңкею 4–5 рет. Отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды: Тыныс алу.	Сапқа тұру.Тізбекпен жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім:Қолды жоғары созу 4–5 рет. Қолды жанға ашу 4–5 рет. Бұрылу 4–5 рет. Еңкею 4–5 рет. Жүрелеп отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды: Дем алу.	Сапқа тұру. Жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім: Қолды айналдыру 4–5 рет. Қолды алға созу 4–5 рет. Бұрылу 4–5 рет. Еңкею 4–5 рет. Отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды:Тыныс алу.	Сапқа тұру.Тізбекпен жүру. Жүгіру. Негізгі бөлім:Қолды жоғары көтеру 4–5 рет. Қолды жанға ашу 4–5 рет. Бұрылу 4–5 рет. Еңкею 4–5 рет. Жүрелеп отыру 4–5 рет. Секіру 5–6 рет. Қорытынды бөлім: Дем алу.

	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою,тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	Әнұран кезінде балалар-дың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	Мемлекеттік Әнұран орындау.Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарла-масы	Тыныс алу жаттығулары Әнұран кезінде балалар-дың бір-біріне ескерту жасауы емес,үлгі көрсе-ту арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Таңғы ас	«Үнемді тұтыну» Киім-кешекті үнемдеу, тазалыққа ұқыппен қарауға тәрбиелеу. Дүкеншіден ініге Әкепті аға етікті, Кең деп көнбей тіліне, Кимей, ойнап кетіпті. Тозаң басып сарайда, Пайдаланбай жатыпты. Бағасына қарамай, Күл –қоқысқа атыпты. Кімге болды тиімді? Айтшы сонда кім ұтты? Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдасты-рылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдық-тарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдас-тыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеумет-тік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеу-меттік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалып-тастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру.	Балаларды ұйымдасты-рылған іс-әрекетке психо-логиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеумет-тік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру
Кестеге сәйкес	1. Сөйлеуді дамыту «Гүлдерді тамашала-	1. Сөйлеуді дамыту «Гүлдерді суарайық»	1. Сөйлеуді дамыту. «Гүлзар жасайық»	1. Сөйлеуді дамыту «Әдемі гүлдер»	1.Сөйлеуді дамыту Балалар, бүгін біз ерекше

